



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

адаптивности и мобильности, тем самым решая проблемы социального неравенства казахстанского общества.

Список использованных источников

1. Назарбаев Н.А. Казахстан должен ориентироваться на абсолютные инновации // Казахстанская правда. - 24.05.2011- №165, С.1
2. Мынбаева А.К., Садвокасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. А.:2007.-237с.
3. Нурашева К.К. Содержание и методика проведения деловых игр: учебное пособие. А.: Эверо, 2014.-328 с.

УДК 364.044.2

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КЕДЕРГІЛЕР

Искаков Арнұр

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтану мамандығының 2- курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байғабылов Н.О.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13-сәуірдегі №39 Заңына сәйкес, мүгедек - тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам. Ал мүгедектік дегеніміз — организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі [1]. Ал халықаралық деңгейде мүгедектер құқығын қорғауға байланысты БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2006 жылы 13-желтоқсанда «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын» қабылдады. Бұл конвенция 2008 жылы 3-мамырда өз күшіне енді.

Елбасы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыруға көмектесуге және олардың белсенді өмір сүруіне ықпал жасауға байланысты маңызды тапсырмалар берген болатын.

Елбасы өз Жолдауында барлық азаматтарды мүгедектерді жан-жақты қолдап, олардың проблемаларын оң шешуге атсалысуға шақырды. Президент мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керектігін ескертті. Олар үшін Қазақстанның кедергісіз аймаққа айналуы қажеттігін айтты. «Бізде ондай адамдар аз емес, оларға қамқорлық көрсетілуі тиіс. Бұл біздің қоғам алдындағы парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады. Мен барлық кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға көмектесіңіздер деп тағы да айтқым келеді. Сондай-ақ, 5-10 адамға арналған мұнай квотына енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады. Сол кезде біз оларды белсенді өмірге тартамыз. Олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның пайдалы мүшесі ретінде сезінетін болады. Біздің барлық әлеуметтік институттар, үкіметтік емес ұйымдар, «Нұр Отан» партиясы осы жұмыстарды қолға алғандары жөн [2]. Үкіметтен бастап, жергілікті әкімдерге дейінгі барлық мемлекеттік органдар өз жұмысын осы арқылы көрсеткен маңызды» деді. Осылайша Мемлекет басшысы үкіметке барлық ұлттық компаниялармен бірлесе отырып, мүгедектерді жұмысқа орналастыру бойынша мәселені пысықтап, шешім қабылдауды тапсырды.

Елбасы ұсынысы қоғамда жан-жақты қолдау тапты. Астанада мүмкіндігі шектеуле жандарды қолдауға, оларды жұмыспен қамтуға және қоғамдық өмірге тартуға ерекше көңіл бөлінеді.

Жыл басынан бері мүмкіндігі шектеулі 250 жан жұмысқа орналасу бойынша көмек сұрап Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасына жүгінген. Бүгінгі таңда 72 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 96-сы төленетін қоғамдық жұмыстарға қабылданды, 28-і «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағдарламасына қатысуда, және бесеуі «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша жұмысқа кірісті.

Бұдан басқа, қазіргі кезде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа қабылдауға міндеттейтін механизм, мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота беру жүйесі бар.

Бүгінгі таңда Елордада жұмыс берушілермен бос орындар ұсыну немесе жұмысқа қабілетті мүгедектер үшін арнайы жұмыс орындарын құру бойынша өзара іс-әрекетті күшейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бекітілген «Астана қаласының халқын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспары - 2015», сондай-ақ, «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасын іске асыру мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру мен әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыстарды күшейтуге септігін тигізді.

Игі істер аясында «Біз біргеміз!» акциясы шеңберінде Оңтүстік Қазақстан облысында 300-ге жуық мүмкіндігі шектеулі азамат тұрақты жұмыспен қамтылып, 100-ден астам мүгедек ақылы қоғамдық және әлеуметтік жұмыстарға тартылған.

Ұйымдастырылған 18 бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі кезінде 416 мүмкіндігі шектеулі азаматқа жұмыспен қамту шаралары көрсетілді. Оның ішінде, 280 мүгедек тұрақты жұмысқа, 25 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 6-уы қайта даярлау курстарына, 86-ы әлеуметтік жұмыс орындарына және 19 мүмкіндігі шектеулі жас жастар практикасына жолданды. Мұнан бөлек, 1368 мүмкіндігі шектеулі азаматқа әлеуметтік көмектер көрсетіліп, жыл басынан бергі жоспар артығымен орындалды.

Оңтүстік Қазақстан облысының өңір басшысы Б.Атамқұловтың бастамасымен «Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына 25 игі іс» шарасы бастау алып, өтуде. Осыған орай, жоспарланған «Дені саудың жаны сау», «Әлеуметтік қолдау», «Отбасын қолдау», «Бірлігі жарасқан Тәуелсіз Қазақстан!» және «Игі іс жасауға асық» атты бес түрлі айлық шаралары кезінде барлық салалар бойынша желтоқсан айына дейін игі істер ұйымдастырылып, өткізілетін болады

Елбасы ұсынысы Маңғыстау облысында қарқынды қолға алынуда. Қазіргі таңда облыста 19 мыңға жуық мүгедек жан тұрады. Жаңаөзен қаласында 3656 мүмкіндігі шектеулі жан тіркелген. Олардың ішінде жастайынан тағдыр тәлкегіне ұшырағаны - 827 бала. Шараға қалалық жұмыспен қамту орталығының өкілдері, партияның қоғамдық қабылдау бөлмесінің кеңесшісі және жасотандықтар қатысты. Мүмкіндігімізше қаладағы барлық үйлерге барып, жағдайларымен танысып, бағдарлама жайында айтып, кеңестерімізді бердік. Қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы 32 адам жұмыспен және 29 адам қоғамдық жұмыспен қамтылған. 1 адам әлеуметтік жұмысқа, 1 адам жастар тәжірибесіне, 1 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Елбасы Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғам мәселелеріне белсенді араласу қажеттілігі жиі айтылады. Жергілікті жерлерде осы бағытта арнайы бағдарламалар жасалып, мүгедектерге деген жеңілдіктер жасалуда. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, – дейді Жаңаөзен қалалық «Нұр Отан» партиясы филиалының кеңесшісі Азамат Қазмұханов [3].

Жыл басынан бері 10 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан жұмыспен қамтылды. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жакыпова олардың 9 мыңнан астамы тұрақты жұмыс істейтінін мәлімдеді. Сондай-ақ, «Жұмыспен қамту жол картасы-2020», «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары аясында да тағы 6 мыңнан астам мүгедек азамат жұмысқа орналастырылған. «Оларды жұмыс орнына дейін қатынайтын «Инвотакси» қызметіне жыл сайын 90 миллион теңге бөлінеді. Бұл сомма өңірлерге қызмет түрінің қажеттілігіне қарай беріледі», - деді вице-министр. Ел аумағында мүмкіндігі шектеулі жандарды 110 инвотакси тасымалдайды [4].

Бүгінгі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі 634 мың адам болса, олардың 65 пайызы еңбекке қабілетті жан. Бұл дегеніміз 400 мыңға жуық еңбек етуге икемі бар азамат орынсыз үйде отыр деген сөз. Тіпті, олардың 20 пайызға жуығын жастар құрайды, - деді Бауыржан Қыдырғалиұлы. Сонымен қатар, партия төрағасы бірінші орынбасарының айтуынша, Елбасының мүгедектер жағдайын жақсарту туралы арнайы тапсырмасына орай, «Кедергісіз келешек» жобасы белсенді жүзеге асырылып жатқан көрінеді. Бүгінде олардың 20 пайызы жұмыспен қамтылған, 10 пайызынан кемінде жоғары білім болса, 20 пайызынан астамында орта кәсіптік білімі бар, - деді ол [5].

Қазіргі уақытта елімізде 620 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады, олар халықтың жалпы санының 3 % -нан астамын құрайды. Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қабылданған ұлттық жоспарда бар. Елбасының Жолдауында 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға көбірек көңіл бөлу керектігін атап өткен. «Қазақстан Республикасы мүгедектерін әлеуметтік қорғау» туралы ҚР Заңыда, 3% мүмкіндігі шектеулі азаматтарды еңбекпен қамтамасыз ету қажеттілігі бүгінде толық деңгейде сақталып отырған жоқ.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды еңбекпен қамтамасыз етумен қатар, өзіндік қатынас жасауда көптеген кедергілер кездеседі. Мысалы: тереңдетілген сұқбат жүргізілген респондент пікірі бойынша: «қала көшелеріндегі оң жақ бұрылыстар автокөлік иелеріне ыңғайлы болса, ал мүмкіндігі шектеулі жандар өте алмайтын кедергіге тап болуда. Салдарынан көліктермен жол таласып, үреймен жүруге тура келеді. Мұндай жағдайды қаламыздағы 1-топтағы мыңнан аса жан бастан өткеруде. 25 жыл арбаға таңылған жанның түзу көшеде жүруі, құзды таулардан асып өтумен тең. Кедергілердің салдарынан олар кейде жаяу жүргіншілердің жолдарымен де жүре алмайды. Автокөліктер жүргіншіні өткізбестен, қағып кететін жағдайлар да көп болады, амалсыздан жолдың ережесін бұзуға тура келеді. Оңай жерлер өте сирек кездеседі да, сондай кезде біз өте қуанамыз да. Мына жерден жүре алады екенбіз, осы жерде жүрсек болады екен деп. Үлкен қуаныш тудырады да бізге, шамалы нәрсенің өзі. Ал өте алмай қалған жағдайда қапа боламыз», - дейді мүмкіндігі шектеулі жан.

Қолданбалы зерттеу қортындылары бойынша: ресми тіркелген 24,4 мың объектінің тек 22,5% немес 5,5 мың объектісі мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жасалынған. Аталмыш категория адамдарына білім алу, жұмыс орындарының қолжетімді болмауы ертеңгі күні қызметпен қамтылуда, болашағын бағдарлауда да кедергілер келтіреді.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету, қоғамда оңтайлы әлеуметтендіруге мүмкіндік беру, еңбекпен қамтылуда әлеуметтік кедергілерді жою бүгінгі қоғамның басты міндеті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13-сәуірдегі №39 Заңы
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар
3. <https://aikyn.kz/>
4. <http://www.astanatv.kz/news>
5. <http://Baq.kz/kk/news/kogam>